

## **"Қазақстанның біріккен банкі" мемлекеттік банкінің құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 8 тамыз N 1101. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.28. N 826 қаулысымен.

Мемлекеттік банктер мен мемлекет қатысқан банктердегі меншікті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстанның біріккен банкі" мемлекеттік банкі құрылсын.
2. "Әлем банк Қазақстан" акционерлік банкі мен " Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік банкінің мемлекет меншігіндегі акциялар пакеттері "Қазақстанның біріккен банкі" мемлекеттік банкінің басқаруына берілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне "Қазақстанның біріккен банкі" мемлекеттік банкінің президентімен-бірінші басшысымен республика Үкіметінің атынан тиісінше басқару контрактын жасауға өкілдік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі " Қазақстанның біріккен банкі" мемлекеттік банкінің құрылтайшылық құжаттарының пакетін бір апта мерзімде әзірлеп, оны белгіленген тәртіппен тіркесін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақстанның біріккен банкі" мемлекеттік банкінің орналастыру мәселені шешсін.

5. "Қазақстанның біріккен банкі" мемлекеттік банкінің құруда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне көмек көрсетуіне ұсыныс жасалсын.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Үкіметтің нормативтік актілерін бір ай мерзімде осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

